



Қазақстан Республикасындағы Тәуелсіз тұтыну сараптамасы туралы үлгілік ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 мамыр N 639. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 821 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010.08.18 № 821 Қаулысымен.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ерікті шарттық негізде жүргізілетін Қазақстан Республикасындағы Тәуелсіз тұтыну сараптамасы туралы Үлгілік ережебекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясатжөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасындағы тәуелсіз тұтыну сараптамасын қалыптастыру жөніндегі жалпы әдістемелік басшылық пен жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 24 мамырдағы
N 639 қаулысымен

Бекітілген

Ерікті шарттық негізде жүргізілетін Қазақстан Республикасындағы Тәуелсіз тұтыну сараптамасы туралы Үлгілік Ереже

1. Осы Ереже "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақ ССР-інің Заңына сәйкес әзірленеді және тәуелсіз тұтыну сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізуді реттейді. Қараңыз. Z100274

2. Дайындаушылардың, атқарушылардың, сатушылардың, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) тұтынушылардың, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) қауіпсіздігіне бақылауды жүзеге асыратын

мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында іс-қимыл жасайтын сертификаттау органдарының арасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тұтынушылық қасиеттерін, олардың нормативтік құжаттарда белгіленген сапасына талаптарды, сондай-ақ өнеркәсіптік және басқа объектілердің қоршаған ортаға зиянды әсерін бағалау мәселелері жөніндегі қарым-қатынастарды реттеу кезінде қоғамдық, заңды және жеке тұлғалар осы Ережені басшылыққа алады.

3. Осы Ережеде төмендегі ұғымдар қолданылады:

тәуелсіз тұтыну сараптамасы - тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тұтынушылық қасиеттерін және олардың нормативтік құжаттамаға сәйкестігін, өнеркәсіптік және басқа объектілердің тұтынушының өмірі мен денсаулығына зиянды әсерін, сондай-ақ нормативтік және жобалау құжаттарында белгіленген тиісті талаптарға ерікті шарттық негізде жүргізетін б а ғ а л а у ;

тәуелсіз тұтыну сараптамасы жүйесі - Қазақстан Республикасының ұлттық сертификаттау жүйесінде әзірленген ережелерді, процедуралар мен нормативтерді пайдалана отырып тұтынушылар қоғамдары арқылы ерікті шарттық негізде сараптау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

сатушы (атқарушы) - сатып алу-сату шарты бойынша тауарлар сататын (қызмет көрсететін) кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе азамат. Дайындаушы - сату үшін тауар өндіретін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе азамат;

4. Тәуелсіз тұтыну сараптамасының мақсаттары:

тауардың (өнімдердің, қызмет көрсетулердің) нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкестігін анықтау;

тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетуге) еркін сертификациялауды жүзеге асыру, әртүрлі дайындаушылардың өнімдеріне тәуелсіз салыстырмалы сараптама ұйымдастыру (т е с т і л е у);

өнімдердің сапасына арналған шағымдарды қарау кезінде тұтынушылардың, қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорындардың және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініші бойынша тауарларға сараптама жүргізу;

стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттама жасау мен жетілдіру жөніндегі жұмысқа қатысу;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жөнінде бағдарламалар әзірлеуге қатысу;

тауар нарығына түсетін өнімдердің жай-күйі туралы дұрыс, объективті және толық ақпарат түзу мен тарату;

өнеркәсіптік және басқа объектілердің тұтынушының өмірі мен денсаулығына зиянды әсері туралы халыққа хабарлау, Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жоғары тұтынушылық қасиеттері бар

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жылжыту;
отандық тауарлардың сыртқы нарықтағы бәсекелестік қабілетін арттыру;
ішкі және сыртқы нарықтарда өнімдерді өндіріске қоюдың мүмкіндігі туралы
ұ с ы н ы с т а р б е р у ;

тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сараптаудың нәтижелері
бойынша дауларды шешуге жәрдемдесу болып табылады.

5. Сараптаманың негізгі принциптері:
тәуелсіздік пен объективтілік, пайдаланылатын және берілетін ақпараттың
т о л ы қ т ы ғ ы м е н д ұ р ы с т ы ғ ы ;

қоғам үшін ашықтық және сараптама қатысушылардың құқықтарын қорғау,
барлық мүдделі тараптар (мемлекеттік органдар, шаруашылық жүргізуші
субъектілер, тұтынушылар) үшін сараптамалық бағалаудың актілері бойынша
объективті деректер алуға тең мүмкіндіктің болуы;

жүргізілген сараптаманың және әсіресе қанағаттанғысыз сараптаманың
нәтижелері туралы тұтынушыларға хабарлауда бұқаралық ақпарат құралдарын
к е ң і н е н п а й д а л а н у .

6. Тәуелсіз тұтыну сараптамасының объектілері:
меншіктің барлық нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің
тұтынушылар үшін сататын, шығаратын (көрсетілетін) тауарларды (жұмыстар,
қ ы з м е т к ө р с е т у л е р) ;

тұтынушыларға қызмет көрсетуге байланысты белгілі бір қызметке орай
шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттейтін нормативтік
қ ұ ж а т т а м а б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Тәуелсіз тұтыну сараптамасы, Мемстандарткомы белгіленген тәртіппен
тіркелген заңды тұлға мәртебесі бар және өтініш иесі немесе басқа мүдделі
тараптарға тәуелсіз сынақ зертханаларын (орталықтарын), сараптау
комиссиясына енгізілетін заңды және жеке тұлғаларды (сарапшыларды, соның
ішінде шетелдік сарапшыларды) шартты негізде тарту арқылы ерікті шарттық
н е г і з д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

8. Тәуелсіз тұтыну сараптамасы жүргізудің жалпы тәртібі:
атқарушы тапсырыс иесі берген материалдар бойынша тәуелсіз тұтыну
сараптамасын жүргізу туралы шешім қабылдайды, тапсырыс иесі тауарларды (жұмыстарды,
қызмет көрсетулерді) сараптауға беру туралы белгіленген
нормативтік актілерге сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
с а р а п т а м а жү р г і з у г е т а б ы с е т е д і ;

сараптама объектісі бойынша шешім қабылдау кезінде тапсырыс иесі
сараптаманың қорытындысын пайдаланады.

9. Тәуелсіз тұтыну сараптамасы субъектілерінің ұйымдық-құқықтық және
қаржылық өзара қарым-қатынастары шарттық негізде ресімделеді және

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттеледі.

10. Тәуелсіз тұтыну сараптамасы субъектілері:

тапсырыс беруші - сараптама объектісі бойынша ұсыныс жасауды және сараптама қорытындысын алуға тілек білдіруші субъект (меншік нысандарына қарамастан тұтынушы, жекелеген топ, мекеме, кәсіпорын, ведомство, шетелдік компания) ;

атқарушы - тәуелсіз тұтыну сараптамасы тапсырысының орындалуын ұйымдық жағынан қамтамасыз етуші сараптау қорытындысын беруші субъект (сараптау органы)- тәуелсіз тұтыну сараптамасы орталықтары, зертханалар болып табылады .

11. Тәуелсіз тұтыну сараптамасына қатысушылардың негізгі құқықтары:

Тапсырыс берушінің :

атқарушымен келісім бойынша сараптау жүргізу мерзімін, бірақ 3 айдан аспайтын уақытқа белгілеуге;

тәуелсіз тұтыну сараптамасы тапсырысының талаптары орындалмаған жағдайда сараптама қорытындысына қарсы болуға немесе оны пысықтауға жіберуге ;

сараптаманың сапасы немесе әділеттілігі себебі бойынша оның қорытынды тұжырымдамасымен келіспеген жағдайда тиісті шағымдану мекемелеріне жүгінуге құқығы бар .

Атқарушының :

сараптама жүргізу үшін, оның ішінде сараптама жұмысын жүргізу барысында туындайтын мәселелер бойынша барлық қажетті ақпаратты алуға;

сараптау ісін атқарушылардың жеке құрамын белгілеуге, сарапшылар ретінде - жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды, ұжымдық сарапшылар ретінде сараптаушы топтарды, комиссияларды, кеңестерді, сондай-ақ тиісті мамандықтағы ұйымдарды, кәсіпорындарды, шетелдік компанияларды тартуға;

тапсырыс берушімен келісіп сараптама жүргізудің мерзімін белгілеуге; жеке және ұжымдық сарапшылардың жұмысының нәтижелерін табыс етудің тәртібін белгілеуге ;

сараптама жүргізуге қаржылық шарттар жасасуға;

сараптау құрамына қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда, сараптама қорытындыларын қабылдамау немесе оларды пысықтауға жіберуге;

сараптама нәтижелері бойынша тапсырыс беруші қабылданған шешімдермен келіспеген жағдайда, тиісті шағымдану мекемелеріне жүгінуге құқығы бар.

12. Тәуелсіз тұтыну сараптамасына қатысушылардың басты міндеттері:

Тапсырыс беруші :

атқарушыдан сараптама қорытындыларын алуға және оларды сараптама объектісі бойынша шешім қабылдау кезінде пайдалануға міндетті.

А т қ а р у ш ы :

талапкердің талаптарына сәйкес тәуелсіз тұтыну сараптамасы тапсырысының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

нақты объект бойынша сарапшылардың жеке құрамы туралы құпия мәліметтердің, сондай-ақ мемлекеттік немесе коммерциялық ақпараттың құпиялығын сақтауға, интеллектуалды меншік құқығын қорғауға, сараптама нәтижелерінің жариялылығын қамтамасыз етуге, сарапшыларға қысым жасалуына қарсылық білдіруге, сараптама объектілерінің сипаттамасын әділ бағалауға, сараптамаға тапсырылған деректердің құпиялылығын бұзбауға м і н д е т т і .

13. Қазақстан Республикасының соттары тәуелсіз тұтыну сараптамасы объектілері бойынша шешім шығаратын шағыну мекемесі болып табылады.

14. Тапсырыс берушінің сараптаманы атқарушыға берген мәліметтерінің қ ұ п и я л ы л ы ғ ы :

тапсырыс беруші жүзеге асыратын қорғалуға лайықты әзірлемелердің алдын ала п а т е н т т і к қ о р ғ а л у ы ;

тәуелсіз тұтыну сараптамасы процедуралары барлық тікелей қатысушылардың сарапталатын ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттілігі а р қ ы л ы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

15. Белгіленген тәртіп бойынша тіркелген және тәуелсіз тұтыну сараптамасы жүйесінде жұмыс істейтін сынақ зертханалары (орталықтары) берген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сәйкестігі туралы қорытындылар Қазақстан Республикасының Мемстандарты, Мемлекеттік сауда инспекциясы, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының және басқа да уәкілді органдардың сараптамалық тұжырымдарымен қатар соттар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі органдар үшін ресми құжаттар болып табылады.

16. Тәуелсіз тұтыну сараптамасы сынақ зертханаларын (орталықтарын) пайдаланумен қатар барлық зертханалық бөлімшелері бар осы заманғы жабдықтармен және жоғары білікті мамандармен жарақталған өзінің тиісті сынақ б а з а с ы н қ ұ р а д ы .

17. Тәуелсіз тұтыну сараптамасын жүргізуге байланысты шығындарды ө т е у д і н т ә р т і б і :

егер сатушының қолында сертификаты бола тұрып, өнім сапасыз болып шыққан жағдайда шығынды сертификат берген ұйым өтейді;

егер өтініш тұтынушыдан түсетін болса, онда шығын тапсырыс беруші мен сараптаманы атқарушының арасындағы шарттық негізде өтеледі;

егер сатушының міндетті сертификаттауға жататын өнімге арналған жалған сертификаты болып шықса, онда шығынды сатушы өтейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК